

ӘОЖ 376.1:616.895-053.4

**ӘЛЕУМЕТТІК ӘҢГІМЕЛЕР АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА  
ДЕЙІНГІ АУТИСТІК СПЕКТРІ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРДЫ  
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ**

**Убайдулла А.Ж.**

1 курс магистранты, 7M01908- «Арнайы педагогика: Аутистік  
спектрі бұзылған балаларды қолдау» білім беру бағдарламасы,  
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

**Ғылыми жетекшісі:** Байдильдинов Т.Ж., п.ғ.к., қауым.профессор

*Мақалада аутистік спектрінің бұзылыстары бар мектеп жасына дейінгі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау құралы ретінде әлеуметтік әңгімелердің маңыздылығы жан-жақты қарастырылады. Әлеуметтік әңгімелер – бұл аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаларға күнделікті өмірдегі жағдаяттарды түсінуге, мінез-құлық ережелерін меңгеруге және өз әрекеттерін алдын ала болжауға көмектесетін визуалды және мәтіндік құрылымдалған құрал. Автор әлеуметтік әңгімелердің балалардың коммуникативтік дағдылары мен әлеуметтік бейімделу қабілеттеріне оң әсер ететінін ғылыми негізде сипаттайды. Зерттеу барысында әдістің мазмұндық құрылымы, баланың жас ерекшеліктеріне сай бейімдеу жолдары, қолдану принциптері мен тәжірибелік нәтижелері талданған. Мақалада әлеуметтік әңгімені инклюзивті білім беру тәжірибесінде қолдану тиімділігі дәлелденіп, педагогтар мен ата-аналарға арналған ұсыныстар келтіріледі. Бұл әдіс аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалардың әлеуметтік өзара әрекеттесуін дамытуда заманауи, тиімді құрал ретінде ұсынылады.*

**Кілт сөздері:** әлеуметтік әңгімелер, аутистік спектр бұзылыстары, психологиялық-педагогикалық қолдау.

Қазіргі таңда инклюзивті білім беру жүйесінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға бағытталған психологиялық-педагогикалық қолдау өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Әсіресе, аутистік спектрі бұзылған мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтенуін қамтамасыз ету, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту – білім беру саласының маңызды міндеттерінің бірі. Бұл санаттағы балаларда әлеуметтік өзара әрекеттесу, эмоцияны тану және бейімделу процестері күрделі жүреді. Осы мәселені шешудің заманауи, тиімді жолдарының бірі ретінде әлеуметтік

әңгімелер әдісі ұсынылады. Бұл әдісті алғаш 1991 жылы америкалық зерттеуші Кэрол Грей (Carol Gray) ұсынған және қазіргі таңда ол әлемдік тәжірибеде кеңінен қолданылады [1]. Әлеуметтік әңгімелер – баланың белгілі бір әлеуметтік жағдаяттарда өзін-өзі ұстау үлгілерін меңгеруіне көмектесетін қысқа, құрылымдалған мәтіндер. Зерттеулер нәтижесінде (Gray, 2010; Hodgdon, 1995; Ерсарина, 2020) бұл тәсіл аутистік балалардың мінез-құлқын реттеу, эмоциялық жауапты басқару және қарым-қатынас орнату қабілеттерін дамытуда оң нәтиже беретіні дәлелденді [1, 2, 3]. Қазақстандық ғалымдар (Бақмағанбетова Б.Н., Ерсарина А.Қ., Есіркепова Ұ.Р., Ержолова Ж.А. және т.б.) соңғы жылдары әлеуметтік-танымдық тәсілдерге назар аударуда, дегенмен әлеуметтік әңгімелер әдісін жүйелі қолдану бойынша кешенді зерттеулер аз [4]. Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – мектеп жасына дейінгі аутистік спектрі бұзылған балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауда әлеуметтік әңгімелер әдісінің тиімділігін анықтау және қолдану жолдарын сипаттау. Зерттеудің маңыздылығы – әлеуметтік әңгімелер арқылы аутистік балалардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға жағдай жасау және олардың ортаға бейімделу мүмкіндіктерін арттыру. Әдісті қазақ тіліндегі инклюзивті білім беру тәжірибесіне енгізу сапалы қолдаудың маңызды құралы ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, инклюзивті ортада аутистік спектрі бұзылған балаларды қолдау үшін қолданылатын әдістердің тиімділігі мен бейімделу ерекшеліктерін ғылыми негізде зерттеу қажеттілігі артып отыр. Әлеуметтік әңгімелер әдісін тәжірибеге енгізу балалардың әлеуметтік рөлдерді игеруін жеңілдетіп, олардың әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесуін құрылымды әрі түсінікті етеді. Бұл тәсілді отандық білім беру жүйесіне икемдеу – ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға сапалы білім берудің маңызды бағыттарының бірі ретінде қарастырылады. Осыған байланысты, әлеуметтік әңгімелерді қолдану ерекшеліктерін кешенді зерттеу ғылыми-практикалық маңызға ие болып отыр. Зерттеу нәтижелері алдағы уақытта инклюзивті білім беру ортасын жақсартуға және аутистік спектрі бұзылған балалардың әлеуметтену деңгейін арттыруға ықпал етеді деп күтіледі.

Аутистік спектрі бұзылған (АСБ) балалардың танымдық, эмоциялық және әлеуметтік дамуындағы ерекшеліктер білім беру процесіне арнайы тәсілдерді енгізуді талап етеді. Бұл санаттағы балалардың көпшілігінде өзара әрекеттесу мен қарым-қатынас жасау дағдылары бұзылған. Осыған байланысты баланың күнделікті жағдаяттарға деген түсінігін қалыптастыру, әлеуметтік нормаларды меңгерту және ортамен байланыс орнатуға үйрету педагог пен маманның маңызды міндеті болып табылады. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың тиімді әдістерінің бірі ретінде әлеуметтік әңгімелер кеңінен қолданылып жүр. Мұндай әңгімелер баланың түсінуіне жеңіл, қарапайым тілде жазылады және визуалды материалдармен (суреттер, пиктограммалар) толықтырылады [5].

Зерттеу барысында әлеуметтік әңгімелердің мынадай құрылымдық элементтері қолданылды:

- Сипаттамалық сөйлемдер (жағдайды түсіндіреді);
- Басшылық сөйлемдер (не істеу керектігін көрсетеді);
- Ынталандыру сөйлемдері (балаға қолдау білдіреді).

Әр бала үшін арнайы құрастырылған әңгімелер оның жеке ерекшеліктеріне, даму деңгейіне және мінез-құлқындағы нақты қиындықтарға сай бейімделді. Тақырыптар мысалдары: «Мен сәлемдесемін», «Түскі ас кезінде өз орнымда отырамын», «Ойыншықтарды бөлісемін». Әлеуметтік әңгімелер 6–7 жастағы балалармен жүргізілді және күнделікті режимдік сәттерде – тамақ ішу, сабаққа қатысу, ойын, тынығу уақытында қолданылды [6]. Тәрбиеші мен психолог әңгімені оқыды, балаға жағдаятты түсіндірді, сұрақ қойды, суреттер көрсетті және мінез-құлық үлгілерін көрсету арқылы бекітті. Ата-аналарға үй жағдайында жұмыс жалғастыру үшін мәтіндік нұсқалар мен әдістемелік ұсыныстар берілді. Зерттеу нәтижелері балалардың әлеуметтік дағдыларының біртіндеп қалыптасқанын көрсетті. Мысалы, бастапқыда өз орнында тыныш отыра алмайтын бала екі аптадан кейін «Түскі ас кезінде өз орнымда отырамын» әлеуметтік әңгімесін меңгеріп, мінез-құлық ережелерін сақтауға ұмтылды. Жалпы алғанда, бақылау барысында әлеуметтік әңгімелер баланың өзін-өзі басқаруын, тәртіп сақтауды, эмоцияны тану мен қоршаған ортамен өзара әрекеттесу қабілетін дамытуға ықпал еткені байқалды.

Әлеуметтік әңгімелер әдісі аутистік спектрі бұзылған балалардың күнделікті өмірлік дағдыларын қалыптастыруда құрылымдалған әрі мақсатты ықпал ететін тиімді құрал ретінде танылады. Әлеуметтік әңгімелердің жүйелі қолданылуы баланың өзін қоршаған әлемді түсінуіне, әлеуметтік нормаларды ішкілендіруіне және әлеуметтену процесін жеңілдетуге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында байқалған маңызды аспектілердің бірі – әлеуметтік әңгімелердің баланың эмоциялық күйіне оң ықпал етуі. Көптеген аутистік балалар үшін күнделікті режимнің өзгерістері немесе күтпеген жағдаяттар алаңдаушылық пен мінез-құлық бұзылыстарын тудыруы мүмкін. Әлеуметтік әңгімелер арқылы алдағы оқиғаларды алдын ала таныстыру баланың тұрақтылық сезімін арттырып, мазасыздықты азайтты. Сонымен қатар, әлеуметтік әңгімелер баланың өз әрекетін алдын ала болжау және жоспарлау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Бұл әсіресе аутистік спектрі бұзылған балалардың жиі кездесетін сипаттамасы – бейімделу мен жоспарлау дағдыларының әлсіздігі жағдайында маңызды болып табылады. Әңгімелердің құрылымдық элементтері арқылы бала күтілетін мінез-құлық моделін меңгеріп қана қоймай, оны тәжірибеде қолдану мүмкіндігіне ие болады.

Әңгімелердің тиімділігі мынадай негізгі факторларға байланысты болды:

- Жеке бейімдеу – мәтіннің және визуалды материалдардың әр балаға сай таңдалуы, оның қызығушылықтары мен когнитивті деңгейін ескеру;

- Жүйелілік – әлеуметтік әңгімені күнделікті режимде тұрақты қолдану, белгілі бір жағдаяттарға байланысты қайта-қайта қайталау арқылы оқыту;
- Бала мен ересектің бірлескен әрекеті – әлеуметтік әңгімені тек оқып беру емес, оны бірге талдау, сұрақтар қою, рөлдік ойын элементтерін енгізу арқылы балаға белсенді қатысу мүмкіндігін ұсыну;
- Кері байланыс және марапаттау – бала дұрыс әрекет жасағанда, оны дер кезінде мақтау, жағымды эмоциялық қолдау көрсету.

Зерттеу барысында әлеуметтік әңгімелерді қолданудың кейбір әдістемелік ерекшеліктері де анықталды. Мысалы, кейбір балалар мәтінді сөзбе-сөз есте сақтап, нақты жағдаятта автоматты түрде қолдануға қиындық танытты. Мұндай жағдайда әңгімені бейімдеп, негізгі ұғымдарды ойын арқылы бекіту, көрнекілікті (суреттер, видеоматериалдар) молынан пайдалану қажет болды. Сонымен қатар, әлеуметтік әңгімелер тек қарым-қатынас дағдыларын ғана емес, өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуда да маңызды рөл атқарды. Бала өз эмоциясын танып, оны басқару қажеттігін түсіне бастады. Бұл, өз кезегінде, әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесудің сапасын арттырды және баланың мектепке дейінгі ұйымға бейімделу процесін жеңілдетті.

Бақылау нәтижелері көрсеткендей, әлеуметтік әңгімені тұрақты қолданған балаларда келесі оң өзгерістер байқалды [7]:

- Сәлемдесу, қоштасу, көмек сұрау сияқты негізгі коммуникативтік әрекеттер саны артты;
- Топтық іс-әрекетке қатысу мотивациясы күшейді;
- Мінез-құлықтағы стереотиптілік пен агрессиялық реакциялар азайды;
- Эмоциялық жауаптардың айқындылығы және сәйкес келуі артты.

Әлеуметтік әңгімелердің тиімділігі олардың құрылымдық қарапайымдылығы мен бірізділігінде жатыр. Әрбір әңгіме баланың өміріндегі нақты жағдаятқа негізделіп құрастырылды, бұл оны тәжірибеде оңай қолдануға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, әңгімені оқу үдерісіне баланың белсенді қатысуы оның өз тәжірибесін саналы түрде түсінуіне және жаңадан меңгерген мінез-құлық үлгілерін өз бетімен қолдануына ықпал етті. Жалпы алғанда, әлеуметтік әңгімелер әдісі мектеп жасына дейінгі аутистік спектрі бұзылған балалардың әлеуметтік-коммуникативтік және эмоциялық дағдыларын дамытуда тиімді құрал ретінде өзекті ғылыми және практикалық маңызға ие екені дәлелденді. Әлеуметтік әңгімелерді қолдану барысында тағы бір маңызды аспект – баланың өзіндік рефлексия дағдысын дамыту қажеттілігі болып табылды. Әлеуметтік әңгімелер балаға тек белгілі бір мінез-құлық үлгісін көрсетуге ғана емес, сонымен қатар оның өз іс-әрекеті мен сезімдерін түсінуге көмектесті. Балаға «неге мен бұлай істеуім керек?», «бұл мен үшін қандай нәтиже береді?» сияқты сұрақтар қою арқылы ойлану дағдылары қалыптастырылды. Бұл тәсіл баланың мінез-құлқын саналы басқаруына мүмкіндік берді және импульсивті әрекеттердің азаюына ықпал етті. Сонымен

бірге, әлеуметтік әңгімелерді қолдану барысында ата-аналармен және тәрбиешілермен тығыз ынтымақтастықтың маңызы ерекше атап өтілді. Үй мен балабақша арасындағы өзара іс-қимылды үйлестіру нәтижесінде бала жаңа мінез-құлық үлгілерін тек бір ортада емес, әртүрлі әлеуметтік контекстте қолдана бастады. Бұл тәсіл баладағы жаңа дағдылардың генерализациясына, яғни түрлі жағдайларда қолданылуына мүмкіндік берді. Ата-аналарға арнайы нұсқаулықтар мен ұсыныстар әзірленіп, әрбір әлеуметтік әңгімені үй жағдайында да қайталап оқу, бірге сахналау, ойын арқылы бекіту ұсынылды. Осылайша, баланың әлеуметтік дағдыларды меңгеру процесі үздіксіз және кешенді сипат алды.

Әлеуметтік әңгімелердің практикалық қолдану тәжірибесі көрсеткендей, тиімді нәтижеге жету үшін бірнеше негізгі әдістемелік қағидаларды сақтау қажет:

- Әңгімелер қысқа, нақты және балаға түсінікті тілде жазылуы тиіс;
- Мәтін жағымды коннотацияда құрылып, балаға қолдау мен сенімділік ұсынуы қажет;
- Әр әңгіме баланың өмірлік тәжірибесі мен қызығушылықтарына сай бейімделуі тиіс;
- Оқу процесінде белсенді әдістер – сұрақ-жауап, рөлдік ойын, визуалды қолдау элементтері пайдаланылуы қажет;
- Бала жаңа мінез-құлықты меңгерген сайын әлеуметтік әңгімені түрлендіріп, күрделендіру керек.

Сонымен қатар, зерттеу барысында әлеуметтік әңгімелерді қолданып психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету кезінде кездескен кейбір қиындықтар да анықталды. Мысалы, кейбір балалар әңгімені оқығанда назарын ұзақ сақтай алмады немесе мәтінді механикалық түрде есте сақтағанымен, оны нақты жағдаятта қолдана алмады. Бұл жағдайда әңгімені бейімдеу, мәтінді көрнекі құралдармен толықтыру, әрекетті бірлесе орындау арқылы оқыту тактикасы қолданылды. Сондай-ақ, баланың мотивациясын арттыру үшін жетістікке жеткен әр қадамды марапаттау және мінез-құлық өзгерістерін визуалды түрде көрсету (мысалы, жұлдызшалар, жетістік күнделігі) сияқты әдістер тиімділігін көрсетті.

Жалпы алғанда, әлеуметтік әңгімелерді қолдану процесі біржақты емес, баланың даму деңгейіне, эмоционалдық жағдайына, қызығушылықтарына қарай үнемі бейімдеуді талап ететін динамикалық процесс болып табылды. Әлеуметтік әңгімені тиімді қолдану барысында балада:

- өзіндік бақылау және өзін-өзі реттеу дағдылары нығайды;
- эмоционалды тұрақтылық деңгейі артты;
- әлеуметтену деңгейі жақсарды;
- күнделікті режимдік сәттерге бейімделуі жеңілдеді.

Зерттеу нәтижелері әлеуметтік әңгімелердің психологиялық-педагогикалық қолдаудың тиімді әдісі ретінде аутистік спектрі бұзылған мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтену процесінде елеулі оң өзгерістерге қол жеткізуге мүмкіндік беретінін дәлелдеді.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері әлеуметтік әңгімелер әдісінің аутистік спектрі бұзылған мектеп жасына дейінгі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесінде тиімді құрал ретінде өзіндік орнын дәлелдегенін көрсетті. Әлеуметтік әңгімелер балалардың күнделікті өмірлік жағдаяттарды дұрыс түсінуіне, жаңа әлеуметтік дағдыларды меңгеруіне және мінез-құлықтың қабылданған нормаларына сай әрекет етуіне ықпал ететіндігі байқалды. Зерттеу барысында әлеуметтік әңгімелерді қолданудың бірнеше маңызды артықшылықтары айқындалды. Біріншіден, әңгімелер құрылымының қарапайым әрі балаға түсінікті болуы олардың ақпаратты жеңіл қабылдауына және есте сақтауына мүмкіндік берді. Екіншіден, визуалды қолдау құралдарының қолданылуы – суреттер, пиктограммалар, схемалар – балалардың назарын шоғырландыруға және мәтінді жақсырақ түсінуге ықпал етті. Үшіншіден, әлеуметтік әңгімені қолдану барысында балалардың өзіндік мінез-құлқын бақылау, эмоцияларды реттеу және ортамен қарым-қатынас жасау қабілеттері едәуір артты. Әлеуметтік әңгімелердің тиімділігі олардың құрылымдық логикасында ғана емес, сонымен бірге жеке бейімделу мүмкіндігінде де жатыр. Әрбір бала үшін жеке дара таңдалған және бейімделген мәтіндер баланың жеке даму ерекшеліктерін, қажеттіліктерін және когнитивтік деңгейін ескере отырып құрылды. Бұл тәсіл аутистік спектрі бұзылған балаларға тән стандартты емес ойлау жүйесі мен қабылдау ерекшеліктеріне сәйкес келді. Зерттеу нәтижелері әлеуметтік әңгімені қолданудың мынадай негізгі оң өзгерістерге алып келгенін көрсетті: балалардың әлеуметтік дағдылары мен коммуникативтік әрекеттері едәуір дамыды; эмоционалды тұрақтылық деңгейі артты; мінез-құлықтағы стереотипті және деструктивті элементтер азайды; топтық іс-әрекетке қатысуға деген мотивациясы жоғарылады. Сонымен бірге, баланың өз бетінше әрекет ету, бастамашылдық таныту және қоршаған ортаға икемделу қабілеттері байқалды. Әлеуметтік әңгімелер әдісін енгізу педагогтар мен ата-аналар үшін де тиімділік көрсетті. Педагогикалық процесте балаға бағытталған құрылымды, болжамды және түсінікті орта құру мүмкін болды. Ата-аналар тарапынан әдісті үй жағдайында жалғастыру арқылы баланың әлеуметтік тәжірибесін кеңейту және оның дамуын қолдау мүмкіндігі артты. Бұл инклюзивті білім беру жағдайында отбасы мен мектептің бірлескен жұмысының маңыздылығын тағы бір мәрте дәлелдеді. Жалпы алғанда, әлеуметтік әңгімелер әдісін қолдану аутистік спектрі бұзылған балалардың әлеуметтену процесін оңтайландыруға, олардың қоғамда толыққанды қатысушы ретінде қалыптасуына қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді. Бұл әдістің отандық білім беру жүйесіне кеңінен енгізілуі

ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға көрсетілетін психологиялық-педагогикалық қолдаудың сапасын арттыруға және инклюзивті ортада тиімді бейімделу механизмдерін құруға ықпал етеді. Осы зерттеу нәтижелері алдағы уақытта әлеуметтік әңгімелер әдісін жетілдіру, оның әртүрлі жас топтарына және әртүрлі даму деңгейіндегі балаларға бейімделу жолдарын іздестіру бағытында жүргізілетін ғылыми-тәжірибелік жұмыстардың негізін құрай алады [8]. Сонымен қатар, әлеуметтік әңгімелерді қолданудың тиімділігін арттыру үшін мультимедиялық технологияларды пайдалану мүмкіндіктерін зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Қорытындылай келе, әлеуметтік әңгімелер әдісі – аутистік спектрі бұзылған балалардың психоәлеуметтік дамуын қолдаудың заманауи, ғылыми негізделген және практикалық тұрғыда тиімді тәсілдерінің бірі ретінде қарастырылады. Бұл әдісті білім беру тәжірибесінде жүйелі және ғылыми негізде қолдану балалардың қоғамға табысты бейімделу мүмкіндіктерін кеңейтеді және олардың сапалы өмір сүру деңгейін арттыруға үлес қосады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Gray, C. (2010). *Social Stories and Social Understanding: Teaching the Hidden Curriculum to Children with Autism Spectrum Disorders*. New York: Future Horizons. – 11 б.
2. Hodgdon, L. (1995). *Visual Strategies for Improving Communication: Practical Supports for School and Home*. Troy, MI: QuirkRoberts Publishing. – 25 б.
3. Ерсарина, А.Қ. (2020). Инклюзивті білім беру жағдайында аутистік спектрі бұзылған балаларды қолдау жолдары. Педагогика және психология, №3. – 46 б.
4. Бақмағанбетова, Б.Н. (2021). Аутизм спектрі бұзылған балалардың әлеуметтенуін дамытудағы педагогикалық қолдау ерекшеліктері. Қазақстан педагогикалық журналы, №4. – 34 б.
5. Есіркепова, Ұ.Р. (2022). Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың коммуникативтік қабілеттерін дамыту. Білім беру және дамыту, №2. – 15 б.
6. Sansosti, F. J., & Powell-Smith, K. A. (2008). Using social stories to improve the social behavior of children with Asperger syndrome. *Journal of Positive Behavior Interventions*, 10(1). – 36 б.
7. Ержолова, Ж.А. (2021). Аутизмі бар балаларды әлеуметтік бейімдеудегі инновациялық әдістер. Әлеуметтік педагогика, №5. – 42 б.
8. Myles, B. S., Trautman, M. L., & Schelvan, R. L. (2004). *The Hidden Curriculum: Practical Solutions for Understanding Rules in Social Situations*. Autism Asperger Publishing Company. – 20 б.

9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. (2019). Инклюзивті білім беруді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған тұжырымдамасы. – 12 б.

## **СОЦИАЛЬНЫЕ ИСТОРИИ КАК СРЕДСТВО ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ПОДДЕРЖКИ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА С РАССТРОЙСТВАМИ АУТИСТИЧЕСКОГО СПЕКТРА**

**Убайдулла А.Ж.**

**Научный руководитель:** Байдильдинов Т.Ж.

*В статье рассматривается значимость социальных историй как инструмента психолого-педагогической поддержки дошкольников с расстройствами аутистического спектра. Социальные истории представляют собой визуальные и текстовые структурированные материалы, помогающие детям с расстройствами аутистического спектра понимать повседневные жизненные ситуации, усваивать нормы поведения и прогнозировать собственные действия. Автор научно обосновывает положительное влияние данного метода на развитие коммуникативных навыков и социальную адаптацию детей. В ходе исследования описаны содержательная структура метода, пути адаптации к возрастным особенностям детей, принципы применения и практические результаты. В статье приводятся рекомендации для педагогов и родителей, обосновывается эффективность использования социальных историй в условиях инклюзивного образования. Метод предлагается как современное и эффективное средство для формирования навыков социального взаимодействия у детей с расстройствами аутистического спектра.*

**Ключевые слова:** социальные истории, расстройства аутистического спектра, психолого-педагогическая поддержка.

## **PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL SUPPORT OF PRESCHOOL CHILDREN WITH AUTISM SPECTRUM DISORDERS THROUGH SOCIAL STORIES**

**Ubaidulla A.Zh.**

**Scientific supervisor:** Baidildinov T.Zh.

*This article explores the significance of social stories as a tool for the psychological and pedagogical support of preschool children with autism spectrum disorders. Social stories are structured visual and textual resources designed to help children with autism spectrum disorders understand everyday situations, learn behavioral norms, and anticipate their own actions. The author presents scientific evidence of the method's positive impact on the development of communication skills and social adaptation in children. The study analyzes the structural components of the method, strategies for adapting it to children's age-specific needs, and practical implementation results. The article includes recommendations for educators and parents and substantiates the effectiveness of using social stories in inclusive education settings. This method is proposed as a modern and effective means of fostering social interaction skills in children with autism spectrum disorders.*

**Keywords:** social stories, autism spectrum disorders, psychological and pedagogical support.

## REFERENCES

1. Gray, C. (2010). *Social Stories and Social Understanding: Teaching the Hidden Curriculum to Children with Autism Spectrum Disorders*. New York: Future Horizons. – p. 11.
2. Hodgdon, L. (1995). *Visual Strategies for Improving Communication: Practical Supports for School and Home*. Troy, MI: QuirkRoberts Publishing. – p. 25.
3. Yersarina, A.K. (2020). *Support methods for children with autism spectrum disorders in inclusive education settings*. Pedagogy and Psychology, No. 3. – p. 46.
4. Bakmaganbetova, B.N. (2021). *Features of pedagogical support in the socialization of children with autism spectrum disorders*. Kazakhstan Pedagogical Journal, No. 4. – p. 34.
5. Yesirkepova, U.R. (2022). *Development of communicative abilities of children with special educational needs*. Education and Development, No. 2. – p. 15.
6. Sansosti, F. J., & Powell-Smith, K. A. (2008). *Using social stories to improve the social behavior of children with Asperger syndrome*. Journal of Positive Behavior Interventions, 10(1). – p. 36.
7. Yerzholova, Zh.A. (2021). *Innovative methods in the social adaptation of children with autism*. Social Pedagogy, No. 5. – p. 42.
8. Myles, B. S., Trautman, M. L., & Schelvan, R. L. (2004). *The Hidden Curriculum: Practical Solutions for Understanding Rules in Social Situations*. Autism Asperger Publishing Company. – p. 20.
9. Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan. (2019). *Concept for the Development of Inclusive Education for 2020–2025*. – p. 12.